

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 және 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 1190 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін :

1) "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада :

II "Шығындар" бөлімінде :

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында :

09 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер" ішкі функциясында :

205 "Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі" әкімшісі бойынша :

001 "Туризм және спорт саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша :

001 "Орталық органның аппараты" кіші бағдарламасы бойынша "230843" деген сандар "225143" деген сандармен ауыстырылсын ;

017 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы бойынша "3110" деген сандар "8810" деген сандармен ауыстырылсын ;

2) "2006 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 1235 қаулысында :

көрсетілген қаулыға 72-1-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы реттік нөмірі 4-жолда :

"өнімдерге ілесу" деген сөздер "өнімдерді құру және сүйемелдеу" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын :

"Жергілікті жүйені монтаждау және дәлдеп келтіру, спутниктік байланыс жүйесі арқылы ақпараттық және мультимедиялық контентті беру жөніндегі қызметтер."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

